



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 мамырдағы N 617 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 18 тамыз N 1180

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Алматы қаласындағы жол құрылысы туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 мамырдағы N 617

Р990617_

қаулысына

мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) 1-тармақтағы "заңды тұлғалардан (екінші деңгейдегі банктермен)" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Алматы қаласының әкімі жүзеге асыратын заемдардың шарттарына қаржылық сараптама жүргізісін";

3) мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Алматы қаласының әкімі нақты заемдар тартқан жағдайда, заем туралы шарттың (келісімнің) құқықтық сараптамасын жүргізісін".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

